

## Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша 2012 жылы оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 мамырдағы № 163 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 маусымда № 9-19-179 тіркелді

"Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысының 12-тармағына сәйкес және "Қостанай ауыл шаруашылық ғылыми–зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұсынысының негізінде, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша 2012 жылы оңтайлы себу мерзімдері айқындалсын:

- 1) жаздық дәнді (бидай, арпа, сұлы, қара құмық) 15 мамырдан 5 маусымға дейін;
- 2) бұршақтұқымдастар (бұршақ, аңқа) 15 мамырдан 5 маусымға дейін;
- 3) майлы (рапс, күнбағыс, зығыр, қыша) 18 мамырдан 30 мамырға дейін;
- 4) күзгі дәнді (қара бидай, бидай) 15 тамыздан 1 қыркүйекке дейін;
- 5) картоп 10 мамырдан 31 мамырға дейін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.С. Болатовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

*Т. Ташмағамбетов*

КЕЛІСІЛДІ:

"Ұзынкөл ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ *К. Аскаров*